

Лицензиялық қызмет туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 10 шілдедегі N 329

1. Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі, лицензиарлардың назары Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 13 мамырдағы N И-283 тапсырмасын орындау жөніндегі тәртіптің төмендігіне аударылсын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Әділет министрлігі лицензиарлармен бірлесіп Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" Заң күші бар Жарлығына сәйкес бір ай мерзім ішінде лицензияланған қызмет түріне қойылатын біліктілік талабын Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне енгізсін.

Белгіленген заң актілері мен халықаралық шарттар жағдайында Қазақстан Республикасы Үкіметінің бекітуіне басқа да нормативтік актілер ұсынылады.

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Үкімет Аппаратының Экономикалық саясат, Қаржы, еңбек және ақша айналысы бөлімдерімен бірлесіп Үкімет актілерін лицензиялау туралы заңға сәйкес келтірсін.

4. Лицензиарларға лицензиялармен (патенттермен) бірге лицензиялық қызмет және іс-қимыл жүргізуге уақытша рұқсат беруге тыйым салынсын.

5. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және өзге де орталық және жергілікті органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен Премьер-Министрінің өкімдерін және өздерінің шешімдерін дайындау кезінде қолданылып жүрген заңдарды қатаң басшылыққа алсын.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының бөлімдері Қазақстан Республикасының Үкіметіне республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттерінің, өзге де орталық және атқарушы органдарының заңсыз актілерінің күшін жою немесе толық немесе ішінара тоқтату туралы ұсыныс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бір ай мерзім

ішінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне облыстар мен Алматы қаласы әкімдерінің лицензиялауға қатысты саласындағы құқықтарын кеңейтуге байланысты қолданылып жүрген лицензиялау туралы заңдарды өзгерту жөнінде ұсыныс енгізсін.

7. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратының Экономикалық саясат бөліміне жүктелсін.

Премьер-Министрдің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК